

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 17 ақпандағы № 502 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 наурызда № 6217 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 12.03.2021 № 19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 12.03.2021 № 19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 422 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5850 тіркелген, 2015 жылғы 12 қыркүйекте "Қостанайские новости" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Қостанай облыстық мәслихатының 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 486 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы" шешімі жойылын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

И. Вечтейн
С. Ещанов

"Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы"
мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

_____ К. Ибрагимов

2016 жылғы 17.02

"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық
сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы

_____ Г. Байжуманова

2016 жылғы 17.02

"Қостанай облысы әкімдігінің жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасы" мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы

_____ А. Хусаинова

2016 жылғы 17.02

"Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Л. Сероус

2016 жылғы 17.02

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика
және бюджеттік жоспарлау басқармасы"
мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

_____ А. Бекбаева

2016 жылғы 17.02